

Абай облысы Ақсуат ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 31 қазандағы № 214 бірлескен қаулысы және Абай облысы мәслихатының 2024 жылғы 4 қарашадағы № 20/139-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 12 қарашада № 366-18 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 3-тармағына, 8-бабына, 11-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Ақсуат ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы" бірлескен Ақсуат ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 252 қаулысына және Ақсуат аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 сәуірдегі № 15/21-VIII шешіміне сәйкес, Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Абай облысы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы Ақсуат ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Есептік деректерден жоя отырып, Көкжол ауылы таратылсын, оның аумағы Екпін ауылдық округінің Екпін ауылының әкімшілік құрамына енгізілсін;

2) Есептік деректерден жоя отырып, Қызбай ауылы таратылсын, оның аумағы Көкжыра ауылдық округінің Мүрсәлім ауылының әкімшілік құрамына енгізілсін.

2. Осы бірлескен Абай облысы әкімдігінің қаулысы және Абай облысы мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімі

Н. Уранхаев

Абай облысы мәслихатының төрағасы

К. Сулейменов